

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» мекемесінің

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын

№ 1 хаттама

Өткізілген күні: 26.07.2023 жыл

Қатысқандар: 16 адам

Күн тәртібі:

- 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**
Жұмыс тобының жетекшісі: С.Сагитова
- 2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА-ны талдау**

Жиын мүшелері

3. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі С.Сагитова Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 22 мамырдағы №33 бұйрығына сәйкес Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;

3. АИТВ инфекциясын алдын алу және диспансеризациялау;
 4. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын мәселелер;
- Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар таныстырылды.

Екінші мәселе бойынша бөлім меңгерушілері өз сөздерінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған бөлім меңгерушілері Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті. Топ мүшелеріне сұрақ қойылып уәкілетті тұлғалар тұжырымды жауап берді. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады».

Денсаулық сақтау қызметкерлері және бөлім меңгерушілері мекемеде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Қаулы :

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы мекеме басшысының орынбасары С.Сагитоваға жүктелсін.
2. Денсаулық сақтау мекемесінің қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы мекеме заңгері А.Асановқа жүктелсін.
3. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет мекеменің сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Жиналыс төрайымы _____

С.Сагитова

Хатшы: _____

А.Асанов

